«MERCH АТУ» КОНКУРСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Мақсаты:

Студенттердің креативті ойлау қабілетін, командалық жұмысын және soft skills дағдыларын дамыту, сондай-ақ университетке корпоративтік рух пен патриотизмді нығайту.

Қатысушылар:

2–3 курс студенттері келесі бағыттар бойынша:

- Дизайн
- ТКИТ (Бұйым тауар технологиясы және құрастырылуы)
- ТТП (Текстиль өндірісінің технологиясы)

Формат:

- Әр команда 3–6 студенттен тұрады.
- Әр команда құрамында міндетті түрде барлық үш бағыт студенттері болуы керек: Дизайн, ТКИТ және ТТП.

Тапсырма:

АТУ үшін оригиналды мерч-продукция әзірлеу (киім, аксессуарлар, принттер және т.б.).

Конкурс кезеңдері:

1. Өзін-өзі таныстыру – қатысушылар команданы таныстырады, өз дағдылары мен идеяларын айтып өтеді.
2. Шығармашылық жұмыс – мерч-продукцияның оригиналды жобаларын әзірлеу және дайындау.
3. Жобаны қорғау және таныстыру – командалар жұмыстарын таныстырады, концепция мен идеяларын түсіндіреді, кері байланыс алады.

Қатысушыларды тіркеу:

Студенттер конкурс ұйымдастырушылары дайындаған QR-код арқылы тіркеледі.

Нәтижесін шығару және марапаттау:

Үздік жобалар университеттің маркетинг бөліміне әрі қарай пайдалану үшін жіберіледі. Қосымша, креативтілік, оригиналдылық және жүзеге асыру сапасы бойынша үздік идеялар мен жүлделі орындар да марапатталады.